



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ, II

Халықаралық гуманитарлық құқық
2-бөлім





Халықаралық гуманитарлық құқық пен халықаралық адам құқығы

Осыған дейінгі дәрісімізде айтылғандай, халықаралық құқықтың осы екі саласының арақатынасын қайта қарап, пысықтай түсу қажет. М. Шоудың пайымдауынша, бір кездері бұл екеуін бір-бірінен мүлдем алшақ деп есептейтін. Ал, қазір олардың арасында көптеген ұқсастық бар екені белгілі болып отыр. Нақты жағдайларда белгілі бір мемлекет аясында қолданылатын адам құқықтары туралы шартты сол мемлекетке экстратерриториялық тұрғыда қолдануға болады. Мысалы, Адам құқықтары жөніндегі Еуропа комиссиясы *Cyprus v. Turkey* ісінде әскери операциялар кезінде мемлекет Женева конвенцияларында бекітілген гуманитарлық құқықтармен қатар, адамның негізгі құқықтарын да сақтауға тиіс екенін айтқан. Ал Адам құқықтары жөніндегі америкааралық комиссия Аргентинаға қарсы берілген шағым бойынша қаралған *La Tablada* ісінде ішкі қарулы қақтығыстар барысында халықаралық гуманитарлық құқық пен халықаралық адам құқығы «бірін-бірі толықтырып отырады» деген пікір айтқан. Әйтсе де соғыс жағдайында адамның өмір сүру құқығы күрделі сипат алатыны белгілі, сондықтан «ондай жағдайда комиссия гуманитарлық құқық нормалары мен стандарттарын басшылыққа алуы тиіс».

Халықаралық гуманитарлық құқық пен адам құқығы қағидаттарының арақатынасы бір мемлекеттің бейбіт тұрғындарын басқа мемлекеттің әскерлері өз елінің территориясында тұтқындауына қатысты істерден көрінеді. Мысалы, Адам құқықтары жөніндегі Еуропа соты *Hassan v. UK* ісінде 1949 жылғы үшінші және төртінші Женева конвенциясындағы әскери тұтқындарды қамауға алу туралы норма Адам құқықтары туралы Еуропа конвенциясының 5-бабында халықаралық құқыққа берген түсініктеме ретінде оқу керек деген. Өздеріңізге мәлім, Адам құқықтары жөніндегі Еуропа конвенциясының 5-бабы бостандық және жеке бас қауіпсіздігі нормасын бекітеді. Бұл істе сот, сондай-ақ, Еуропа конвенциясының 5(4)-бабына сілтеме жасайды. М. Шоудың айтуынша, бұл баптағы норма ағылшын құқығында ежелден келе жатқан ұғым, жеке бас бостандығының кепілі Хабеас корпус талаптарынан туындайды. Естеріңізге сала кетейік, Еуропа конвенциясында аталған 5(4) бабы бойынша тұтқындалу немесе қамаққа алу кесірінен еркіндігі шектелген кез келген адам өзінің ұсталуының заңдылығын сотпен тез арада қарауға және сот тұтқындауды заңсыз деп тапса, бостандыққа шығуға құқығы бар. Сот аталған нормаға кеңірек түсініктеме беріп, оны төртінші Женева конвенциясына сай қарау жөнінде, азаматтық тұлғаның елден шығуы туралы шешімді қайта қарау талабын да қамтиды деген ұйғарымға келді.

М. Шоудың айтуынша, бұл көзқарас *Al-Jedda v. UK94* and *Al-Skeini* ісінде одан әрі қарай дамыды. Онда Халықаралық сот бұл іске юрисдикциясы бар екенін мәлімдеп, Еуропа конвенциясының 15-бабына сәйкес, ешбір нұқсан келтірмейтінін, сондықтан Еуропа конвенциясы қолданыла беретінін айтқан. Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықаралық соты *Croatia v. Serbia* ісінде ұқсас мәселені қарастыра келіп, Геноцидпен күрес туралы конвенция мен халықаралық гуманитарлық құқықтың арасында жалпылама абстрактілі байланысқа сүйеніп шешім қабылдай алмайтынын мәлімдеді. Керісінше, тараптар арасында геноцид қылмысы болды ма деген мәселеде «халықаралық гуманитарлық құқықтың нормаларына көбірек сүйену керек» деген қорытындыға келген. М. Шоудың айтуынша, халықаралық адам құқықтары туралы конвенциялардың басым көпшілігінде соғыс және төтенше жағдайлар кезінде кейбір нормаларды сақтамау немесе елемеге рұқсат етілген.

Соғыс қимылдарын жүргізу

Халықаралық құқық қарулы қақтығыстардан жеке адамдарды қорғаумен қатар соғыс қимылдарын гуманитарлық шеңберде шектеуді қамтамасыз етеді. «Гаага құқығы» нормаларын саралаған кезде әскери қажеттілік пен гуманитарлық қажеттілік арасындағы тепе-теңдікті ұстау қажеттігін ескерген жөн. Практикада үнемі қолданыла бермесе де, қалыптасқанына біраз уақыт болған бұл қағидат бейбіт тұрғындарды соғыс қимылдарынан қорғауға бағытталған. Соғыс қимылдары кезіндегі бейбіт тұрғындардың жағдайына байланысты негізгі ереже Гаага нор-



масы I хаттамасының 48-бабында айтылған. Бұл нормада соғыс қимылдарын жүргізіп отырған тараптар бейбіт тұрғындар мен комбатанттардың, азаматтық адамдар мен әскери нысандардың арасындағы айырмашылықты ажырата білуі тиіс. Сондай-ақ әскери операцияларды тек әскери объектілерге қарсы жүргізуі тиіс екендігі бекітілген. 52(2)-бапта әскери объектілерге «табиғаты, орналасуы, мақсаты тұрғысынан әскери мақсатқа сай келетін және ішінара немесе толық жойылса, басып алынса, қираса әскери басымдық беретін объектілер» деген анықтама берілген. Сонымен қатар, пропорционалдық қағидаты бар. Мысалы, судья Хиггинс осы қағидатқа сүйене отырып, «салдарынан бейбіт тұрғындар қаза тауып, келтірілген шығынның ауқымы қол жеткізілген әскери басымдыққа сай болмаса», әскери объектілерге де шабуыл жасамау керек деген қорытындыға келді. Бұл орайда «қосарлы мақсатта қолданылатын» объектілер мәселесі, яғни көпірлердің, жолдардың, электр станцияларының қолданылуы мәселесі туындаған. Соған байланысты осындай қосарлы мақсаттағы объектілерге қасақана шабуыл жасауға болмайтыны ескертілген. Сондай-ақ шабуылдан қашып құтылу үшін қарсы тарап та ондай объектілерді әдейі қолданбауы тиіс. Себебі шабуыл жасалуы салдарынан бейбіт тұрғындарға қауіп төнуі мүмкін. Бұл жерде көп нәрсе нақты соғыс жағдайының барысы 52(2)-бапқа қаншалықты сай келуіне байланысты. Сондықтан әскери қажеттілік пен бейбіт тұрғындарға төнетін қауіптің тепе-теңдігін сақтау қажет.

Қарулы қақтығыстар: халықаралық және ішкі

Халықаралық гуманитарлық құқық нормалары қарулы қақтығыстарға қолданылады. Тиісінше, конвенцияның қолданылуы соғыс бастаудың ешқандай ресми мәлімдемесі талап етілмейді. «Қарулы қақтығыс» ұғымы Конвенциялар мен хаттамаларда жеткілікті деңгейде анықталмаған. Дегенмен «мемлекеттердің қарулы күштер мүшелерінің араласуы қарулы қақтығыстар болып есептеледі» немесе «қарулы қақтығыстар» мемлекеттер арасындағы немесе мемлекеттік органдар мен мемлекет ішіндегі ұйымдасқан қарулы топтар арасындағы ұзаққа созылған қарулы қарсылық көрсету деп сипаттама беріп кетеді.

Тарихи түрде күні кешеге дейін халықаралық құқық мемлекетаралық қақтығыстарға қолданылса, халықаралық емес сипаттағы қақтығыстарға мемлекеттердің ішкі юрисдикциясы дәстүрлі түрде қолданылып келді. Дегенмен бұл айырмашылық соңғы онжылдықта халықаралық емес қарулы қақтығыстар санының ұлғаюы және аралас халықаралық пен халықаралық емес қарулы қақтығыстардың туындауы салдарынан бұзылды. Гуманитарлық құқық саласында бұл эволюцияны ішкі қарулы қақтығыстарға қолданыла бастағандығын көруге болады. Қарулы қақтығыс туралы ұғым Тадич ісіндегі юрисдикциялық мәселелер бойынша шешім қабылдаған бұрынғы Югославияның Халықаралық қылмыстық трибуналының Апелляциялық палатасында көрініс табады. Қарулы қақтығыс тұжырымдамасы тек қана нақты ұрыс қимылдарының уақыты мен орнын ғана қамтиды және Трибуналға дейін жасалған оқиғалар туралы бұрынғы Югославияда қарулы қақтығыстар болған жоқ деп айтылған. Трибуналдың апелляциялық палатасы халықаралық немесе ішкі деңгейдегі қарулы қақтығыстардың тар географиялық және уақытша анықтамасын қабылдаудан бас тартты. Сондықтан трибунал мынадай қорытынды шығарды:

«Халықаралық гуманитарлық құқық қарулы қақтығыстардың негізінен басталады және бейбітшілік туралы жалпы қорытынды келісім жасалмайынша соғыс қимылдарын тоқтатудан тыс қолданылады; немесе ішкі қақтығыстар туындаған жағдайда екі тарап татуласқанға не бейбіт келісімге қол жеткізгенше тоқтатылмайды.

Бұған дейін халықаралық гуманитарлық құқық соғысушы мемлекеттердің территориясына, ал ішкі қарулы қақтығыстар кезінде қандай да бір мемлекеттің бақылауындағы тұтас территорияға тарала береді. Бұл жерде қарулы шайқастар жүріп жатқаны, әлде дәл сол мезетте тоқтағаны аса маңызды емес. Бір анығы, бұл ұғым бұрынғы Югославияның нақты контекстінде пайда болды. Өйткені онда халықаралық немесе халықаралық емес қарулы қақтығыстар болды ма, әлде қарулы қақтығыстың осы екі типі қатар жүрді ме, ол түсініксіз еді. Бұл фактіні анықтау маңызды, себебі ол тиісті қолданыстағы құқыққа әсер етеді. М. Шоудың пікірінше, бұл жағдайға араласқанда Қауіпсіздік Кеңесі қақтығыстың сипатын жіктеген жоқ, тек халықара-



лық гуманитарлық құқықтың кең көлемде бұзылуын, соның ішінде азаматтардың жаппай күштеп шығарылуы мен қоныс аударылуын, бейбіт тұрғындарды түрмеге қамау мен қасақана шабуыл жасалуын ашық сынға алды.

Трибуналдың Апелляциялық палатасы «Югославиядағы конфликтінің ішкі де, халықаралық та сипаттары болды» деген қорытындыға келген. Өйткені мұндай конфликтілерге уақыты мен орнына байланысты әртүрлі сипат беру өз кезегінде біршама қиындықтар туындатты. Ал бұл қиындықтарды шешу халықаралық гуманитарлық құқық нормаларын ішкі қарулы конфликтіге қолдануды дамыта түсті. Кейін бұл процесс ішкі конфликтілер көбейіп, қатыгездігі арта түскен сайын үдей түсті. Қазір әлемдегі мемлекеттердің өзара байланысының күшейе түсуі осыған себеп болып, үшінші мемлекеттер мен халықаралық ұйымдарды мемлекеттердің ішкі азаматтық конфликтілеріне басым назар аударуға итермелей түсті. Бұл, әсіресе, қазіргі кездегі мемлекетаралық байланыстардың тығыздығы мен аясының кеңдігін ескеруде аса маңызды. Бір жағынан халықаралық адам құқығының дамуы қандай да бір мемлекетте болып жатқан оқиғаларды тек сол мемлекеттің ішкі мәселесі деген көзқарасты өзгертіп жібергенін айта кетейік, яғни қазіргі кезде халықаралық қауымдастық халықаралық гуманитарлық құқықтың ішкі конфликтілерге қолданылуын бұрынғы кездерге қарағанда жиі қолдайды.

Халықаралық емес қарулы қақтығыстар

Халықаралық емес қарулы қақтығыстар қандай болады деген сауалға жауап беруге кезек те келді. 1949 жылғы Женева конвенциялары халықаралық конфликтілерге қатысты болса да, олардың ортақ 3-бабында халықаралық емес қарулы конфликтілер туралы айтылған және ондай конфликті кезінде аурулар мен жаралыларды қорғау бойынша минимал кепілдік берілетіні туралы айтылған. Бірақ бұл баптың нақты қай кезде қолданатынын анықтау қиын. Халықаралық емес қарулы конфликтінің аясы толық көлемді азамат соғысынан бастап кішігірім бұзақылықтарды түгел қамтиды. Мұндай кездерде мемлекет Женева конвенцияларының нормаларын қолдана алмайды және конфликтінің ішкі сипаты сол конвенциялардың қолданылуына тіпті кедергі келтіруі мүмкін.

Ортақ 3-бапта мынадай минимал кепілдіктер берілген:

1. Әскери қимылға қатысып отырған адамға нәсіліне, түсіне, дініне, сеніміне, жынысына қарамастан, адамгершілік тұрғыда қарым-қатынас жасау.

Сондықтан мыналарға тыйым салынады, атап айтқанда:

• адамның өміріне зорлық-зомбылық келтіруге (яғни қатыгез қарым-қатынас пен азаптауға);

• кепілге алуға;

• адамның ар-намысына тиюге, тіл тигізуге және кемсітуге;

• тиісті процедурасыз үкім шығаруға және өлім жазасына кесуге.

2. Жаралылар мен ауруларға қамқорлық көрсету керек.

Апелляциялық палата Tadic' ісіндегі юрисдикция туралы шешімінде халықаралық құқықтың нормаларын ішкі конфликтілерге қатысты қолданудың дамуына бірнеше себеп болғанын айтты. Оның ішінде азамат соғыстарының жиілеуі, ішкі қарулы конфликтілердің қатыгездігінің өсуі, азаматтық тәртіпсіздік көлемі ұлғаюының әсерінен оған үшінші тараптың араласуы мен халықаралық адам құқығының дамуы ықпал еткенін айтқан. Қазіргі кезде екеуі де адам құқығына қатысты болғандықтан, мемлекетаралық соғыстар мен азамат соғыстарының арасындағы айырмашылық әбден жойылды десек те болады. Шынында, халықаралық гуманитарлық құқықтың ең басты мәселелерінің бірі адам құқықтарына қарай бет алып дамуы болса, адам құқығы да гуманитарлық құқыққа бейімделіп дамуда.

1990 жылы Халықаралық Қызыл крест комитетінің сарапшылар тобы Минимал гуманитарлық стандарт туралы декларация қабылдаған. Бұл декларацияда адамның өміріне, денсаулығына, тәні мен ақыл-есіне қауіп төндіруге тыйым салынған. Оның ішінде адамды өлтіруге, азаптауға, зорлауға; ұжымды жазалауға; кепілге алуға; адамды мәжбүрлеп жоғалтуға;



азық-түліктен, ауызсудан, дәрі-дәрмектерден қасақана айыруға; қауіп төндіру мен арандатуға тыйым салынған. Сондай-ақ декларацияның 4-бабында бостандығынан айырылған адамның арнайы белгіленген жерде қамалуы тиістігі; 6-бабында зорлық-зомбылықпен қорқытуға тыйым салынатыны; 8-бабында әрбір адам өмір сүруге құқылы екені; 10-бабында балаларды қорғау қажеттігі, мысалы, он бес жастан кіші балаларды қарулы күштердің қатарына алуға болмайтыны; 12-бабында жаралылар мен ауруларға қамқорлық көрсету керектігі; 14-бабында адамның медициналық, діни, гуманитарлық қызметшілерді қорғауы және көмек көрсетуі керектігі жазылған.

Халықаралық гуманитарлық құқықты орындау

1949 жылғы Женева конвенциялары мен 1977 жылғы хаттамаға қатысушылар осы құжаттарды құрметтеуге және бұзбауға, сондай-ақ осы құжаттардағы қағидаттарды таратуға міндетті. Аталған құжаттарды орындатудың бір тәсілі ретінде Қорғаушы билік концепциясын мысалға келтіруге болады. Бұл дегеніміз – конфликтідегі азаматтардың, әскери тұтқындар мен оккупация жасалған территориядағы адамдардың құқықтарын қорғау үшін бір мемлекетті тағайындауды білдіреді. Мысалы, Екінші дүниежүзілік соғыста Швеция мен Швейцарияға осындай құқық берілген. Ондай қорғаушы күш тиісті нормалардың сақталатынына және адамдарды қорғау жүйесі сол адамның азаматтығына ие болып отырған мемлекетпен байланысы арқылы шешілетініне кепіл бола алуы тиіс. Бірақ, Малколм Шоудың пікірінше, бұл жүйенің кемшілігі конфликтіге қатысып отырған барлық тараптардың келісімі арқылы ғана жүзеге асырылады. Сондықтан жүйе тек қорғаушы күш болып отырған мемлекет қана емес, сонымен қатар, сол адам азаматы болып табылатын мемлекет пен сол адамды ұстап отырған мемлекеттің бірдей атсалысуы кезінде жұмыс істейді. Қорғаушы мемлекеттің рөлі гуманитарлық құқықтың орындалуы үшін маңызды, ендеше оның мәселеге араласуы үшін тараптардың келісімі мен егемен билігінен рұқсат сұрап отыратыны кемшілігі болып отыр, яғни тараптар ынтымақтастықтан бас тартса, оларды тек ерікті түрде ғана ынтымақтасуға шақырумен шектеледі. Мұндай жағдай бірнеше рет болған. Мысалы, Қытай 1962 жылы Үндістанда болған оқиғаның кезінде қорғаушы күштің тағайындалуына қарсы болған. Ал Үндістан 1971 жылы Пәкістанның әскери тұтқындары туралы мәселеде қорғаушы күштің тағайындалуына келісімін бермей қойды. Женева конвенциясының I хаттамасы бойынша Халықаралық айғақтарды тексеру жөніндегі комиссия Женева конвенцияларының, Хаттаманың бұзылуын, басқа да өрескел құқық бұзушылықтарды тексеруге құқылы. Сондай-ақ ізгі қызметі арқылы сол құжаттардың бұзылған нормаларын «қалпына келтіреді». Әрине, конфликтінің тараптары гуманитарлық құқықтың бұзылғанын өз беттерінше де тексере алады.

Халықаралық Қызыл крест комитеті мен жалпы халықаралық гуманитарлық құқық қазіргі кезде Сирия мәселесін шешуге атсалысып отыр. Сирияда бір-бірімен тығыз байланысты халықаралық емес қарулы конфликтілер жүріп жатыр. Мысалы, Сирияның үкіметі әл-Нусра, ДАИШ, Сирияның еркіндік армиясы және басқа да шағын топтармен соғыс жүргізуде. Оның үстіне Ирак үкіметі мен ДАИШ арасындағы соғыстың Сирия территориясына таралуы және Күрд қарулы топтары мен Сирия үкіметінің ДАИШ-пен соғысы Сириядағы жағдайды тіпті ушықтырып жіберген. Бұл оқиғаның шиеленісуіне АҚШ-тың, Сауд Арабиясының және басқа да кейбір мемлекеттердің Сириядағы қарулы топтарға қолдау білдіруі мен Ресей, Ирак, Ливанның Хезболла ұйымының Сирияның үкіметіне қолдау білдіруі де себепші фактор. Сонымен бірге Түркия Сирияның солтүстігіне интервенция, Израиль Сирияның территориясындағы Хезболла ұйымына қарсы шабуыл жасау үстінде. БҰҰ Сирияда соғысушы тараптардың гуманитарлық құқық пен адам құқығын бұзып отырғанын бірнеше рет айыптаған.

Қорытынды

Халықаралық Қызыл крест комитеті тиісті құқықтық ережелерге басшылық ретінде мынадай принциптерді тұжырымдайды:



1. Әскери іс-қимылдан шығып қалған және әскери қимылдарға тікелей қатыспайтын адамдар өз өміріне, физикалық және моральдық тұтастығына қол сұғылмауына құқылы.
2. Қарсы тараптың өз еркімен беріліп тұрған әскерін өлтіруге және жарақаттауға болмайды.
3. Жаралылар мен ауруларды өз билігінде ұстап отырған тарап оларды күтуі қажет.
4. Тұтқынға түскен комбатанттар мен азаматтық тұлғалардың өмірін сақтау, ар-намысына қол сұқпау, жеке басының құқықтары мен наным-сенімдеріне құрмет көрсету керек.
5. Негізгі сот кепілдігі бәріне беріледі. Жасамаған қылмысы үшін еш адамды жазалауға болмайды. Еш адамның тәні мен ақыл-есін азаптауға, ұжымды жазалауға және адамгершікке жатпайтын қатыгез қарым-қатынас жасауға болмайды.
6. Конфликт тараптары мен қарулы топтардың мүшелері соғыс жүргізу қарулары мен әдістерін қолдануда шектеледі. Жөнсіз адам өлімі мен шамадан тыс қайғыға бөлейтін қаруларды қолдануға тыйым салынған. Олардың ішіне жаппай қырып-жою қаруларын, химиялық, биологиялық қаруларды айтсақ болады.
7. Конфликт тараптары бейбіт тұрғындардың өмірі мен мүліктерін сақтауы үшін бейбіт тұрғындар мен комбатанттардың ара-жігін ажырата білуі тиіс. Бейбіт халық пен бейбіт тұрғындарға шабуыл жасауға болмайды. Шабуылды тек нақты әскери объектілерге қарсы жасау қажет.

Сұрақтар

1. Халықаралық қарулы қақтығыс пен халықаралық емес қарулы қақтығыстың айырмашылығы неде?
2. Халықаралық гуманитарлық құқық өз міндеттерін қаншалықты деңгейде орындап отыр деп ойлайсыз?
3. Халықаралық гуманитарлық құқық пен халықаралық адам құқықтары өзара қалай байланысқан? Осы екі саланың әрқайсысындағы халықаралық шарттардың өзара байланысына бірнеше мысал келтіріңіз.

Әдебиеттер

1. L.Green, *The Contemporary Law of Armed Conflict*, 3rd edn, Manchester, 2008.
2. *The Handbook of International Humanitarian Law in Armed Conflict* (ed. D. Fleck), 3rd edn, Oxford, 2013.
3. *Международное гуманитарное право. Под редакцией И.И. Котлярова.* – Москва: Закон и право, 2009. – 271 с.